

ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ ИНСТИТУТЫ

«БМ010800- Дене мәдениеті және спорт» мамандығы

Академиялық дәрежесі: «БМ010800- Дене мәдениеті және спорт» мамандығы бойынша дене мәдениеті және спорт магистрі

2015-2016 оқу жылы

1-курс

№	Пән атауы	Пәннің мақсаты және қысқаша мазмұны	Негізгі бөлімдер	Кр. саны	Сем	Пререквизиты	Постреквизиты	Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер (студенттердің игеретін білімі, шеберліктері, дағдылары және құзыреттіктері)
5205	Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері	Ғылыми таным әдіснамасы. Базалық тұжырымдамалар мен ғылыми-теориялық бағыттар. Педагогикалық технологиялар түсінігі. Арнайы психология мен педагогикадағы ғылыми зертеу әдістері мен негізгі құралдары, мәні, белгілері. «Ғылыми-зерттеулердің әдіснамалық негіздері мен әдістері» пәнінің мақсаты магистратура түлектерін педагогика саласында ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыруға дайындау, магистранттарда педагогикалық-психологиялық зерттеудің жалпы ғылыми әдіснамасы жөніндегі ұғымын қалыптастыру болып табылады.	Магистранттарды ғылыми-зерттеу жұмысының мәнін тануға бағдарлау. Ғылыми-зерттеу ұғымы және мәні. Ғылыми ізденіс әдістемесі. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау дағдылары. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу әдісі.	2	1	Ғылым философиясы мен тарихы. Жоғарғы мектеп педагогикасы	Мамандық бойынша оқытылатын әдістемелік пәндер. Жоғары оқу орнындағы педагогикалық практика. Ғылыми-зерттеу практикасы.	<p>Білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> – әдіснамалық білімнің құрылымы мен қызметі туралы жалпы түсінікті; психологиялық-педагогикалық зерттеу және оның ғылыми аппаратының жүйелілік құрылымын; зерттеудің жалпы ғылыми және психологиялық-педагогикалық әдістерін; эксперименттің орындалу тәртібі және негізгі сипаттамасын, психологиялық-педагогикалық эксперимент барысында алынған мәліметтерді. <p>Меңгеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ғылыми зерттеуді талдаудағы ептілік, ғылыми зерттеу жұмыстарының бағдарламаларының дербес құрастыра білу, түсіндіру, қорытындылау және зерттеу нәтижесін: <p>Дағды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ғылыми зерттеу іс-әрекетінің шеңберінде зерттеу және тәжірибелік міндеттерді дұрыс шеше алу <p>Қүзіреттіктері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Ғылыми-педагогикалық зерттеу даснамасы бойынша философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттермен, заңдар мен нормативтік-әдістемелік материалдармен жұмыс істей білу қабілеттілігі;

								Озат педагогикалық тәжірибені зерделеу және жинақтай білу, жоғары мектепке ендіру қабілеттілігі.
	Зерттеу әдістері	Ғылымды дамытудың барлық кезеңінде шешуші рольді әдіс, яғни келіс стратегиясы, құру жолдары, ғылыми білімді шешу, ғылымның өзін құрастыру және оны орындау мақсатында атқарады. Әдіснама ғылым негізінде ғылым пәні ретінде саналып, оның нысанын құрастыруға қатысады. Пәннің мақсаты: ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және өткізу саласы бойынша магистранттарда білім жүйесін, білігін және дағдыларын қалыптастыру.	Ғылыми жұмыстардың өзектілігін анықтау. Магистранттардың ғылыми жұмысқа қатысулары жайлы. Зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері және әдістерін анықтау. Ғылыми-шығармашылықты жоспарлау және ұйымдастыру. Ғылыми әдебиеттердің пікірі мен идеясын дамыту. Ғылыми зерттеудің қолжазбасымен жұмыс жасау. Жұмысты безендіру.			Жоғарғы мектеп педагогикасы. Психология	Мамандық бойынша оқытылатын әдістемелік пәндер. Жоғары оқу орнындағы педагогикалық практика. Ғылыми-зерттеу практикасы.	<p>Білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> – ғылыми-зерттеу әрекеттерін ұйымдастырудың теориялық негіздерін; <p>Меңгеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> – қазіргі ғылым тенденцияларына талдау жасау, ғылыми-зерттеудің болашақтағы бағытын анықтау; – кәсіби әрекетті зерттеуде экспериментальдық және теориялық әдістерді пайдалану; <p>Дағды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – пәндік саладағы ғылыми зерттеудің қазіргі әдістері; – өзінің ғылыми мүмкіндігін жетілдіру және дамыту дағдылары. <p>Құзыреттіліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – өзінің кәсіби мамандығындағы ғылыми бағытын, өзіндік жаңа ғылыми әдістерді өз бетімен өзгертуге қабілетті. – білім беру процесіндегі сапаны бағалау және қазіргі диагностикалық технологияны пайдалануға дайындығы.
5206	Дене тәрбиесі мен спортты басқару теориясы мен технологиясы	Басқару – дене мәдениеті-спорттық ұйымдардың құрамды бөлігі ретінде. Дене мәдениетін басқару технологиясы. Дене мәдениетінің теориясы мен басқаруды ақпараттық қамтамасыз ету. Дене мәдениеті және спортты басқарудың нормативтік-құқықтық негіздері. Басқарушылық шешім – дене мәдениеті менеджментінің жүйелілік құралы ретінде.	Дене мәдениеті және спорт экономика және бизнес саласы ретінде. Спорттық индустрия. Дене мәдениеті және спортты қаржыландыру. Спорттағы маркетинг. Дене мәдениеті және спортта қоғаммен жұмыс жасау жарнамасы. Спорттағы және спорттық индустриядағы тауарлық белгілер. Олимпиадалық	3	2	Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі	ЖОО дене тәрбиесінің теориясы мен технологиясы физическое Олимпиадалық ойындар және дене мәдениетінің тарихы	<p>Білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> – басқару теориясының негізгі түсініктерін; – дене мәдениеті және спорттың басқару органдарының жүйесін; – дене мәдениеті және спортты басқарудың негізгі және арнайы қызметтерін. <p>Меңгеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> – дене шынықтыру-сауықтыру шараларын жоспарлау және ұйымдастыру; – спорттық жарыстарды өткізу; – оқу-жаттықтыру процесін басқару; – қоғамдық-дене мәдениеті кадрларын

			<p>қозғалыстар мен спорттық ұйымдарды басқару. Дене мәдениеті және спортты стратегиялық басқару. Дене мәдениеті және спорт саласындағы еңбек ресурстарын басқару. Қазақстан Республикасындағы дене мәдениеті және спортты құқықтық басқару.</p>					<p>дайындауды ұйымдастыру. Дағдылар: – сабақтардың түрлі формаларын дене шынықтырудың медико-биологиялық, санитарлы гигиеналық, психология-педагогикалық негіздерін, климаттық, аймақтық, ұлттық ерекшеліктерді денсаулықты сақтау мақсатында қолдана отырып жоспарлау; – өзінің қызметінде кәсіби лексикасын қолдану; -педагогикалық практиканы өту кезеңінде түрлі оқу мекемелерінде және спорттық ұйымдарда негізгі ережелерді тәжірибе жүзінде іске асыру. Қүзіреттіліктер: – оқу практикасында оқу-тәрбие үрдісін моделдеу және оны жүзеге асыру; – жалпы, арнайы заңдылықтарды қолдану қабілеті және жеке тұлғаның психикалық және психофизиологиялық дамуының ерекшеліктерін білу; адам қызметінің әртүрлі жас сатысында тәртібін реттеудің ерекшелігін меңгеру; – сыни ойлаудың әдісін игеру; – кәсіби қызметінде балалар және мүгедектер туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды қолдана білу; – гигиена, еңбекті қорғау талаптарына және сыртқы жағымсыз әсерлерден қорғану ережелерін білу.</p>
Дене тәрбиесі мен спорттағы менеджмент	«Дене мәдениеті және спорттағы менеджмент» жалпы теориялық циклдың кәсіби пәндерінің бірі болып табылады. Ол дене шынықтыру және спорт мамандығы магистранттарына арналған және дене мәдениеті мамандарын ұйымдастыру	Бұл пәннің құрамына ұйымды басқарудың ғылыми негізделген теориясы және әлеуметтік үрдістерді басқару кіреді: дене шынықтыру және спортты басқару жүйесі және барлық			Қазақ тілдері. Әлеуметтану. Саясаттану. Құқық негіздері. Педагогика. Педагогикалық менеджмент.	Дене мәдениетінің теориясы мен әдістемесі. ТСТ теориялық негіздері. Дене мәдениетінің менеджменті.	<p>Білу: – басқару теориясының негізгі түсініктерін; – дене мәдениеті және спорттың басқару органдарын; – дене мәдениеті және спортты басқарудың негізгі және арнайы қызметтерін. Меңгеру:</p>	

		және басқарудың теориялық және практикалық білімдермен қаруландыру. «Дене мәдениеті және спорттағы менеджмент» пәні мекеме жүйесінің және дене мәдениеті және спорт дамуының әлеуметтік үрдісін талғамды басқарудың ғылыми негізін құрайды. Пәннің әдіснамалық негізі кибернетика және әлеуметтік басқарудың теориясы болып табылады. Бұл жұмыс жаттықтырушылық тәжірибесінде пайда болады және олардың бағдарламасында қажетті бөлімдер және тәжірибелік, семинарлық сабақтар арқылы жүргізіледі.	тармақтарының өзара байланысы; мемлекеттік және қоғамдық басқару түрлерінің даму және жетілдіру жүйесі; басқару қызметі, басқарудың қағидалары мен әдістері және ұйымдастыру қызметін жақсарту.					– бұқаралық дене шынықтыру - сауықтыру іс-шараларын жоспарлау және өткізу; – спорттық жарыстарды өткізу; – оқу-жаттығу үрдістерін басқару; – қоғамдық дене шынықтыру кадрларын дайындауды ұйымдастыру. Дағдылар: – сабақтардың түрлі формаларын дене шынықтырудың медико-биологиялық, санитарлы гигиеналық, психология-педагогикалық негіздерін есепке ала отырып жоспарлау; – өзінің қызметінде кәсіби лексикасын қолдану; – педагогикалық практиканы өту кезеңінде түрлі оқу мекемелерінде және спорттық ұйымдарда негізгі ережелерді тәжірибе жүзінде іске асыру. Қүзіреттілік: – оқу практикасында оқу-тәрбие үрдісін моделдеу және оны жүзеге асыру; – жалпы, арнайы заңдылықтарды қолдану қабілеті және жеке тұлғаның психикалық және психофизиологиялық дамуының ерекшеліктерін білу; адам қызметінің әртүрлі жас сатысында тәртібін реттеудің ерекшелігін меңгеру; – сыни ойлаудың әдісін игеру; – кәсіби қызметінде балалар және мүгедектер туралы негізгі халықаралық және отандық құжаттарды қолдана білу; – гигиена, еңбекті қорғау талаптарына және сыртқы жағымсыз әсерлерден қорғану ережелерін білу.
5206	ЖОО дене тәрбиесінің теориясы мен технологиясы	Жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесін басқару теориясы мен технологиясының негіздері. Студенттердің дене тәрбиесін жоспарлау. ТСТ бойынша студенттердің дене,	Дене тәрбиесінің теориясы мен технологиясы ғылыми және оқу пәні ретінде. Дене тәрбиесінің	3	2	Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі	Жас спортшыларды дайындауды басқару негіздері	Білу: – дене мәдениетінің теориясы мен технологиясын әр түрлі негіздегі ұстаным бойынша талдау. – дене мәдениетінің формалары мен қызметтері;

		<p>тактикалық, техникалық, психологиялық және жарыс әрекеттеріне сипаттама. Денсаулық жағдайы, ТСТ бойынша жұмыс істеу қабілетінің көрсеткіштерінің ерекшелігі.</p> <p>Пәнді оқу барысында магистранттар алған білім жүйесі дене мәдениеті және спорт саласындағы кәсіби дүниетаным мен қазіргі кездегі маманның құзіреттілігін қалыптастыруда негізгі орын алады.</p> <p>Аталған пән кәсіби іс-әрекетте пән саласындағы жүйелілік көзқарасты қалыптастыруға бағытталған.</p> <p>Пәнде жаңа технологиялардың негізі және ЖОО дене тәрбиесінің технологиясы және ЖОО дене тәрбиесінің теориясы мен технологиясының ғылыми-теориялық және ұйымдастырушылық-әдістемелік негізі қарастырылады.</p>	<p>теориясы мен технологиясын-дағы ғылыми зерттеулер әдістері.</p> <p>Дене мәдениетінің қызметі, формасы және бағыты. Қазақстан Республикасындағы дене тәрбиесі жүйесіне сипаттама.</p> <p>Дене мәдениетінің құралы, әдістері және қағидалары. Қозғалыс әрекеттерін оқытудың теориялық-әдістемелік негіздері. Оқыту процесінің құрылымы және оның кезеңдерінің ерекшеліктері. Дене қасиеттерін дамытудың теориялық-тәжірибелік негіздері. Дене тәрбиесінің жас ерекшеліктері. Дене тәрбиесі сабақтарын құру формалары жоспарлау және бақылау.</p>					<p>– дене тәрбиесі жүйесінің құрылымы мен негіздері;</p> <p>– дене тәрбиесінің құралдары мен әдістері;</p> <p>– дене тәрбиесінің қағидалары мен заңдылықтары;</p> <p>Меңгеру:</p> <p>– дене тәрбиесінің құралдары мен әдістерін пайдалану;</p> <p>– тәжірибелік іс-әрекет үрдісінде дене тәрбиесі қағидаларын жүзеге асыру;</p> <p>– дене жүктемесін нормалау және бақылау;</p> <p>– оқушылардың дене тәрбиесін жоспарлау;</p> <p>– дене тәрбиесінің тиімділігін бақылау;</p> <p>– белгіленген формаға сай әдістемелік, жоспарланған және есеп құжаттарын жасау.</p> <p>Дағдылар:</p> <p>– дене тәрбиесі теориясының терминологиясын меңгеру;</p> <p>– дене тәрбиесі саласындағы зерттеу әдістерін меңгеру;</p> <p>– дене тәрбиесінің құралдары мен әдістерін меңгеру;</p> <p>– дене жүктемесін нормалау әдістемесін меңгеру;</p> <p>– дене тәрбиесінің тиімділігін бақылау әдісін меңгеру.</p> <p>Қүзіреттіліктер:</p> <p>– дене тәрбиесі процесін жоспарлауға, ұйымдастыруға, бақылауға қабілетті;</p> <p>– дене тәрбиесі сабақтарын жынысын, жасын, дене дамуы мен дене даярлығын есепке ала отырып өткізуге және бақылауға қабілетті.</p>
ЖОО дене тәрбиесінің	Пәнде дене тәрбиесінің әдістемелік	тәрбиесінің әдістері	Дене тәрбиесі теориясына кіріспе.			Таңдамалы спорт түрінің	Дене шынықтыру	Білу: – дене тәрбиесі теориясы мен

	<p>әдістемесі</p>	<p>қарастырылады. «ЖОО дене тәрбиесінің әдістемесі» оқу пәні ретінде. Дене тәрбиесі пәні, негізгі ұғымдар және қызметі педагогикалық құбылыс ретінде. Дене тәрбиесін оқытудың қағидалары, құралы, әдістері. Өртүрлі оқу әдістерін қолданудың психофизиологиялық ерекшеліктері. Дене тәрбиесіндегі жасерекшелік негіздері. Қозғалыс, техника-тактикалық әрекеттерге оқытудың теориясы мен әдістемесі. Спорттық жарыстар мен оған спортшыларды дайындау жүйесі. Жарысқа дайындықты күшейтетін күшейтетін және толықтыратын жарыстық емес және жаттықтырудан тыс факторлар.</p>	<p>Дене тәрбиесі әдістерінің әдістемелік негіздері. Дене тәрбиесінің негізгі қызметі және формасы, қағидасы, дене тәрбиесінің жалпы әдіс-құралдары. Дене тәрбиесінің жас ерекшеліктері негіздері. Мектеп және мектепке дейінгі балалардың дене дайындығының негіздері. Үлкен және жастардың дене тәрбиесі әдістерінің негіздері. Спортшылардың спорттық жарыстарының жүйесі. Жарыстан және жаттығудан тыс дайындықты және жарысты толықтыратын, күшейтетін факторлар. Жалпы, арнаулы орта, кәсіби-техникалық және жоғары білім жүйесіндегі дене тәрбиесі.</p>		<p>негіздері (мамандану). Дене шынықтыру және спорттағы басқару.</p>	<p>теориясы мен әдістемесі. Дене жаттығуларының биомеханикасы. Дене мәдениеті және спорт педагогикасы.</p>	<p>әдістемесінің қалыптасу тарихы; – дене тәрбиесі теориясын түсіндіру аппараттары; – дене шынықтырудағы мәселелерді теориялық зерттеуді жалпылау әдіснамасы; – дене тәрбие жүйесіндегі ғылыми-әдістемелік, нормативтік-бағдарламалық негіздері; – дене тәрбиесіндегі және спорттық жаттығулардағы формалары, құралдары, әдістері; Менгеру: – арнайы пәндерді оқуда базалық білімдерін қолдану; – денені жетілдіру, денсаулықты нығайту, дене тәрбиесі саласындағы тұлғаның үйлесімді дамуының жалпы және нақты міндеттерді анықтай білуге. Дағды: – медициналық-биологиялық, санитарлық-гигиеналық, дене шынықтыру әрекетіндегі психологиялық-педагогикалық негіздерді, климаттық, аймақтық, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып табиғи болмысты және денсаулықты нығайтуға бағытталған әртүрлі формадағы сабақтарды жоспарлауға; – кәсіби сөздік қорын қызметінде қолдану; Қүзіреттілік: – оқу-тәрбие үрдісін моделдеуге және оны оқу тәжірибесінде жүзеге асыруға қабілетті; – сыртқы жағымсыз әсерлерден қорғану, гигиеналық талаптарға сәйкес салауатты өмір салтын ұстану дағдысын қалыптастыруға қабілеттілік.</p>
--	-------------------	--	---	--	--	--	---

5302	Дене мәдениеті мен спортта ағзаның функционалдык дайындығын басқарудың физиологиялық негіздері	Кіріспе. Спортшының бұлшық ет қимыл барысында ағза жай-күйінің дәрігерлік-биологиялық сипаттамасы. Қозғалыс дағдыларының физиологиялық тетіктері. Ағзаның функционалдык дайындығының жұмыс қабілеттілігін басқарудың үлгі факторы. Дене қасиеттерін басқарудың физиологиялық негіздемелері: дене тәрбиесі мектеп сабақтары, дене шынықтыру мен өндірістік гимнастиканың көпшілік түрлері. Жеке биологиялық қор және оны басқару. Биоритмдердің ағзаның жұмысқабілеттілігіне әсері. Салауатты өмір салтын және сауықтыру дене мәдениетін басқарудың физиологиялық негіздері. Ағзаның жаттыққандығын басқару ерекшеліктері. Дене шынықтыру және спортпен жаттығудың физиологиялық негіздері. Кәсіби-қолданбалы дене шынықтырудың физиологиялық негіздері.	Биоэнергетикалық қорларды басқару. Ағзаның функционалдык дайындығының жұмыс қабілеттілігін дайындығын басқарудың үлгі факторы. Жаттығудың және дене қасиеттерін басқарудың физиологиялық негіздемелері. Салауатты өмір салтын және сауықтыру дене мәдениетін басқарудың физиологиялық негіздері.	3	2	Спорт морфологиясы. Дене жаттығулары және спорт биохимиясы. Адамның жалпы және жас ерекшелік физиологиясы. Спорт метрологиясы.	Спорттық мамандандыру пәндері. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі. Дене мәдениеті және спорт педагогикасы мен психологиясы.	<p>Білу:</p> <p>– дене жүктемесіне бейімделудің физиологиялық дайындығының ерекшеліктері. Спорт түрлеріндегі әртүрлі ағза мүшелері және жүйесі қызметтерінің өзгерісі.</p> <p>Меңгеру:</p> <p>– спорттық мамандануға адекваттық және адекватты емес таңдаудың генетикалық мәнін анықтау, спорт түрлеріндегі сенсомоторлық үстемдік және жарыс әрекетінің стилін;</p> <p>Дағды:</p> <p>– спортшы ағзасының бейімделудің функционалдык жүйесінің бағасы, бейімделу кезіндегі ағза қызметінің динамикалық бағасы және оның дене жүктемесіне жылдам және ұзақ уақыт бейімделуінің айырмасы,</p> <p>Күзiреттiлiктер:</p> <p>– спорт түрлерінде спортшылар ағзасының жұмыс қабілеттілігін және дайындылығын басқаруды бағалау үшін функционалдык өзгерістерді пайдалануға қабілетті.</p>
	Спортшы ағзасының функционалдык жағдайы	Әртүрлі жыныстағы және жастағы дене мәдениеті және спортпен шұғылданушылардың функционалдык диагностика әдістерін пайдалану ерекшеліктері. Функционалдык диагностиканың негізгі ерекшеліктері. Дене мәдениеті және спортпен шұғылданатын балаларға функционалдык диагностика өткізу.	ДМжС функционалдык диагностика әдістерінің мазмұны. ДМжС айналысатындардың ағзаларын зерттеудің функционалдык әдістемесі. Әртүрлі жыныстағы және жастағы дене мәдениеті және спортпен шұғылданушыларға			Спорт морфологиясы. Дене жаттығулары және спорт биохимиясы. Адамның жалпы және жас ерекшелік физиологиясы. Спорт	Спорттық мамандандыру пәндері. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі. Дене мәдениеті және спорт педагогикасы мен психологиясы.	<p>Білу:</p> <p>– әртүрлі жыныстағы және жастағы дене мәдениеті және спортпен шұғылданушылардың функционалдык диагностика әдістерін пайдалану ерекшеліктері.</p> <p>Меңгеру:</p> <p>– ДМжС сабақтары кезінде жас және жыныстық ерекшеліктер мен жеке функционалдык жағдайын диагностикалау.</p>

		<p>Электроэнцефалография әдістемесі. Нейроэнергометрия әдістемесі. Омегаметрия әдістемесі. Кадиоинтервалометрия әдістемесі.</p> <p>Тыныс алу қызметін сырттай бағалау әдістемесі.</p>	<p>функционалдық диагностика әдістерін пайдаланудағы функционалдық диагностиканың аппараттық әдістері. Функционалдық диагностиканы өткізуді ұйымдастыру.</p>			метрологиясы.		<p>Дағды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Дене шынықтыру және спорт кезінде ағзаның функционалдық жағдайын зерттеу әдістерінің негіздерін. <p>Қүзіреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> – спортшы ағзасының функционалдық дайындығын басқаруды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік білімдерін меңгеруге қабілетті; – таңдамалы спорт түрлерінде және спортшы ағзасында биоэнергетикалық және функционалдық басқару әдістерін меңгеруге; – спортшы ағзасының функционалдық жағдайын басқарудың ғылыми-негіздемелік әдістері бойынша тәжірибелік дағдыларды меңгеру.
5302	Спорттағы жарақаттану мен оналу	<p>Дене мәдениеті және спорт сабақтары кезінде спорттық жаттықтырудың жалпы сипаттамасы. Жарақаттанудың түрлері мен жіктелуі. Дене мәдениеті және спорттағы дұрыс берілмеген жүктеме салдары мен жарақат алу салдары. Ішкі ағзалардың жарақаты кезіндегі алғашқы көмек және емдеу. Дұрыс берілмеген жүктемеге байланысты сіңір мен бұлшық еттің жарақаттануы мен зақымдануы. Сүйектердің сынуы спорттық жарақаттану ретінде. Дене мәдениеті және спорт сабағы кезіндегі буындардың типтік жарақаттануы. Жарақаттанудан кейінгі спортшылардың қалпына келуі және қалпына келтіру шаралары.</p>	<p>Травматикалық жарақаттудың түрлері және жіктелуі. Дене мәдениеті және спорттағы дұрыс берілмеген жүктемеге байланысты жарақаттану және оның әсері. Ішкі ағзалардың жарақаты кезіндегі алғашқы көмек және емдеу. Жарақаттанудан кейінгі спортшылардың қалпына келуі және қалпына келтіру шаралары.</p>	3	2	<p>Спорт морфологиясы. Дене жаттығулары және спорт биохимиясы. Адамның жалпы және жас ерекшелік физиологиясы. Спорт метрологиясы.</p>	<p>Спорттық мамандандыру пәндері. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі. Дене мәдениеті және спорт педагогикасы мен психологиясы.</p>	<p>Білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> – спорттағы қалпына келу мен жарақаттану негіздері; <p>Меңгеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> – спортшының физиологиялық мүмкіндігін ережесін бұзбай ғылыми негізде жоспарлау. <p>Дағды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – дене мәдениеті және спорт құралдарымен қалпына келтіруді. <p>Қүзіреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> – кәсіби әрекетінде жаратылыс-тану пәндерінің негізгі заңдылықтарын пайдалану ерекшеліктері жайлы және кәсіби іс-әрекетінде теориялық және эксперименталдық зерттеу әдістерін пайдалану; – әртүрлі спорт түрлерінде дене шынықтыру жарақатын емдеудің нақты тапсырмаларын қалыптастыру.

	Спорттағы қалыпқа келу	Қалыпқа келу әдістері мен құралдарына сипаттама. Қалпына келтіру іс-шараларының ерекшеліктері: педагогикалық, дәрігерлік-биологиялық, психофизиологиялық; өзіне өзі массаж жасау мен спорттық массаж негіздері; өнімді тамақтану мәселелері. Реабилитациялау мен қалпына келтірудің негізгі мақсаты, қағидалары. Сауықтыру дене мәдениетімен шұғылданушылардың жұмысқа білеттілігін көтеру және қалпына келтірудің факторлары. Спорттағы қалпына келтірудің фармакологиялық құралдары.	Қалпына келтіру іс-шараларының ерекшеліктері: педагогикалық, дәрігерлік-биологиялық, психофизиологиялық; өзіне өзі массаж жасау мен спорттық массаж негіздері. Спорттағы қалпына келтірудің фармакологиялық құралдары.			Спорт морфологиясы. Дене жаттығулары және спорт биохимиясы. Адамның жалпы және жас ерекшелік физиологиясы. Спорт метрологиясы.	Спорттық мамандандыру пәндері. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі. Дене мәдениеті және спорт педагогикасы мен психологиясы.	<p>Білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> — спорт сабақтарының жүйесінде қалпына келтіру құралдарының теориялық-әдістемелік негіздерін қолдану; — кәсіби қалпына келтіру-сауықтыру іс-әрекетінің мотивациялық, құндылық негіздері. <p>Меңгеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> — әртүрлі мекемелердің спорт сабақтарында қалпына келтіру шараларының технологиясы мен әдістемесін меңгеру; — қалпына келтіру құралдарын қолданудың тактикасы мен стратегиясын жасау үшін педагогикалық, дәрігерлік-биология-лық, психологиялық диагностика әдістерін пайдалану. <p>Дағды:</p> <ul style="list-style-type: none"> — кәсіби дайындығын өз бетінше жетілдіру және қалпына келтіру әдістерін; — әртүрлі білім беру және дене мәдениеті және спорттық мекемелердің қалпына келтіру процестерін. <p>Қүзіреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> — спорт сабақтарының жүйесінде қалпына келтіру құралдарын қолданудың теориялық-әдістемелік негіздерін білу; — қалпына келтіру құралдарын қолданудың тактикасы мен стратегиясын жасау үшін педагогикалық, дәрігерлік-биология-лық, диагностика әдістерін пайдалану. — кәсіби іс-әрекетінде қалпына келтіру құралдарын ғылыми негізде қолдану.
2 курс								
5303	Олимпиадалық	Пәнде жарыс әрекетінің	Таңдамалы спорт	3	3	Дене	Олимпиадалық	Білу:

	<p>спорт түрлерінен жарыстық әрекетті басқару</p>	<p>құрылымы, жарыс әрекетінің тиімділігін анықтайтын факторлар кең түрде қарастырылады.</p> <p>Таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыс әрекеттерін басқару, таңдамалы спорт түрлерінің жарысты басқару және құру қағидалары сыни ойлауды дамыту мақсатында, жаттығуларды дұрыс таңдау үшін, дене, техникалық және тактикалық дайындықтарды қалыптастыру, жарыс дайындықтарының мәні, мәселелері жайлы сұрақтар қарастырылады.</p> <p>Концептуалды жағдайлар мен қалыптасу тарихы. Олимпиадалық ойындарға әртүрлі ұлттық командаларды дайындау жүйесі. Олимпиада аренасындағы күштің арасалмағы және ең күшті команданың болашағы.</p>	<p>түрлеріндегі жарыс әрекеттерінің құрылымы. Таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыс әрекетінің тиімділігін анықтайтын факторлар. Таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыс әрекеттерін басқару.</p> <p>Таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыстарды өткізу мен құру қағидалары. Таңдамалы спорт түрлеріндегі жарысты өткізу тәсілдері.</p>		<p>мәдениеті және спортты басқару теориясы мен технологиясы</p>	<p>спорт түрлерін зерттеу негіздері</p>	<p>– таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыс әрекеттерінің құрылымын;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыс әрекетінің тиімділігін анықтайтын факторларды;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыстарды өткізу мен құру қағидаларын.</p> <p>Меңгеру:</p> <p>– таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыстарды ұйымдастыру және өткізу;</p> <p>– жарыстағы төрешілікті ұйымдастыру және өткізу;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыстарды өткізу бойынша есеп құжаттарын құру.</p> <p>Дағдылар:</p> <p>– спорт түрлері бойынша жарыстарды ұйымдастыру және өткізу дағдыларын меңгеру;</p> <p>– математикалық статистика қолдану арқылы жарыс нәтижелерін өңдеу әдістемесін меңгеру;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыс жүктемесі мен жаттықтыруға бақылау және нормалау тәсілдерін меңгеру.</p> <p>Қүзіреттіліктер:</p> <p>– таңдамалы спорт түрлеріндегі жарысты өз бетінше өткізуге қабілетті;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлеріндегі жарысты өз бетінше басқаруға қабілетті;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлеріндегі жарыс әрекетінің нәтижесін талдауға қабілетті.</p>
	<p>Ежелгі Олимпиадалық ойындар тарихы</p>	<p>Пәнде олимпизмді дамыту тенденциялары мен негізгі заңдылықтар, сондай-ақ қазіргі олимпиадалық қозғалыстар мен оның Қазақстан Республикасы мен әлемнің әртүрлі елдерінің дене мәдениеті және спорттың</p>	<p>Антикалық Олимпиадалық ойындар. Орта ғасыр мен Жаңа кезеңдегі (XV–XIXғ.ғ.) Олимпиадалық ойындар. 1896-1936 жылдар аралығындағы Олимп-</p>				<p>Білу:</p> <p>– Антикалық Олимпиадалық ойындар кезеңдерінің тарихы мен пәні;</p> <p>– антикалық тарих түсінігі және негізгі категориялары;</p> <p>– Орта ғасыр мен Жаңа кезеңдегі Азия, Еуропаның ойын мәдениетінің</p>

		<p>ұлттық жүйесіне тигізетін әсері жайлы мәселелер қарастырылады. Олимпиадалық ойындар мен отандық олимпиадалық қозғалысты ұйымдастыру тарихымен байланысты мәселелер, сұрақтар кеңінен қамтылады. Қазіргі олимпиадалық қозғалыстар, оның субъектісі, қызметтері және халықаралық олимпиадалық комитет жағынан координациялары оқытылады.</p>	<p>пиадалық ойындар. 1948 жылдан қазіргі кезге дейінгі Олимпиадалық ойындар. Олимпиадалық қозғалысты ұйымдастыру.</p>					<p>тарихи және әлеуметтік ерекшеліктері; – мезгіліне қарай алғашқы Олимпиада ойындарының тарихи және әлеуметтік ерекшеліктері; – негізгі категориялар мен түсініктер. Меңгеру: – олимпиадалық спортты дамыту тенденциялары мен тарихына шолу жасау; – кәсіби өзіндік білім мен өзін-өзі дамытуға қажетті кәсіби мәселелерді шешу үшін қазіргі олимпиадалық спорттың тарихы мен теориясы бойынша ақпараттар табу және талдау жасау. Дағды: – кәсіби іс-әрекетінде олимпиадалық ойындардың тарихы туралы білімдерін, оның ішінде оқушылардың адамгершілік және патриоттық тәрбиесін шешу, дене мәдениеті және спортқа деген қызығушылықтарын арттыруды шешу үшін қолдану; – олимпиадалық спорттың эволюциясының жалпы қағидаларын меңгеру, өйткені оның сауықтыру бағыты дене мәдениеті процесінде жағымды тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру ретінде. Қүзіретгілік: – олимпиадалық спортты дамыту тенденциялары мен тарихына шолу жасауға қабілетті; – олимпиадалық спорттың қазіргі концепцияларын оқу-жаттықтыру процесіне ендіруге қабілетті; дене мәдениеті және спорт жүйесі туралы білімді тұтастай қабылдауға қабілетті.</p>
5303	Спортшыларды іріктеу мен бағдарлаудың теориясы (спорт түрі бойынша)	Пәнде таңдамалы спорт түрлерінің көпжылдық дайындық процесіне спорттық іріктеудің теориялық негіздері дене мәдениеті және спорт	Таңдамалы спорт түрлеріне спорттық іріктеудің теориялық негіздері. Спортшының болашағы.	3	3			<p>Білу: – таңдамалы спорт түрлеріне спорттық іріктеудің теориялық негіздері; – таңдамалы спорт түрлеріне іріктеудің мақсаты мен міндеті;</p>

		<p>саласындағы болашақ мамандардың кәсіби дайындығының іргелі деңгейін қалыптастыру мақсатында анықталады.</p>	<p>Болжау. Спортшының қозғалыс мүмкіндігі. Спорттық бағдарлау. Таңдамалы спорт түрлеріне іріктеудің мақсаты мен міндеті. Іріктеу факторлары. Таңдамалы спорт түрлеріне генетикалық бейімділік. Таңдамалы спорт түрлеріне іріктеудің негізгі өлшемдері: дарындылық, қабілеттілік және нышаны. Іріктеу жүйесі және ішкі түйсік арқылы бағдарлау. Таңдамалы спорт түрлеріне бастапқы іріктеуді ұйымдастыру және оның құрылымы. Алғашқы спорттық іріктеу. Белсенді және ықпалсыз спорттық іріктеу. Спортпен айналысу үшін балаларға бағдар жасау. Таңдамалы спорт түріне алғашқы іріктеу. Таңдамалы спорт түріне спорттық іріктеудің педагогикалық негізі. Іріктеудің педагогикалық сипаттамасы. Педагогикалық тестілеу. Тестілеуді өткізу процедурасы. Таңдамалы спорт түріне іріктеудің дәрігерлік – биологиялық негіздері. Таңдамалы спорт түріне</p>					<p>– таңдамалы спорт түрлеріне іріктеудің негізгі өлшемдері; – таңдамалы спорт түріне спорттық іріктеудің педагогикалық негізі. Меңгеру: – спортшының алдағы жетістігін бағалау; – алғашқы спорттық іріктеуді жүзеге асыру; – таңдамалы спорт түріне алғашқы бағдарлауды анықтау. Дағды: – таңдамалы спорт түрлеріне бастапқы іріктеу әдістемесін меңгеру; – таңдамалы спорт түріне іріктеудің педагогикалық және дәрігерлік – биологиялық негіздерін меңгеру; – таңдамалы спорт түрлеріне бастапқы іріктеу дағдыларын меңгеру. Қүзіреттілік: – таңдамалы спорт түрлеріне бастапқы іріктеу бойынша іс-шаралар өткізуге қабілетті; – тестілеу бойынша алынған нәтижелерді өз бетінше өңдеуге және талдау жасауға қабілетті; – таңдамалы спорт түрлеріне бастапқы іріктеу нәтижесі бойынша өз бетінше бастапқы дайындық тобын қалыптастыруға қабілетті.</p>
--	--	--	--	--	--	--	--	---

			іріктеудің дәрігерлік – биологиялық негіздері. Іріктеудің дәрігерлік – биологиялық мәселелері. Анатомиялық-морфологиялық ерекшеліктер.					
Қазіргі Олимпиадалық ойындар	Аталған пәнде олимпизмді дамыту тенденциялары мен негізгі заңдылықтар, сондай-ақ қазіргі олимпиадалық қозғалыстар мен оның Қазақстан Республикасы мен әлемнің әртүрлі елдерінің дене мәдениеті және спорттың ұлттық жүйесіне тигізетін әсері жайлы мәселелер қарастырылады. Олимпиадалық ойындар мен отандық спорттық ұйымдар және олимпиадалық қозғалысты ұйымдастыру тарихымен байланысты мәселелер, сұрақтар кеңінен қамтылады. Қазіргі олимпиадалық қозғалыстар, оның субъектісі, қызметтері және халықаралық олимпиадалық комитет жағынан координациялары, жазғы және қысқы олимпиадалық ойындар хронологиясы, студенттік және паралимпиадалық ойындар құрылымы оқытылады.	XIX ғасырдағы халықаралық олимпиадалық және спорттық қозғалыстың пайда болуының тарихи алғышарттары. Спорттың дамуы мен алғашқы халықаралық спорттық федерациялардың құрылуы. Алғашқы халықаралық (Олимпиадалық) конгресс. Халықаралық олимпиадалық комитеттің (ХАҚ) пайда болуы, оның Хартиясын бекіту. Пьер де Кубертеннің өмірі мен қызметі. Қазақстанның Олимпиадалық қозғалысқа қатысуы. Олимпиадалық ойындардың спорттық нәтижелердің өсуі мен халықаралық спорттық және олимпиадалық қозғалыстың дамуына әсері. Жазғы және қысқы олимпиадалық ойындар хронологиясы. Студенттік жазғы және қысқы универсиада.					<p>Білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> – отандық және шетелдік дене шынықтыру жүйесі мен халықаралық олимпиадалық қозғалыстардың даму және қалыптасу тарихы; – қазіргі Олимпиадалық ойындардың тарихының кезеңдері және пәні; – мезгіліне қарай жазғы және қысқы олимпиадалық ойындар хронологиясы. <p>Меңгеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> – олимпиадалық спортты дамыту тенденциялары мен тарихына шолу жасау; – кәсіби өзіндік білім мен өзін-өзі дамытуға қажетті кәсіби мәселелерді шешу үшін қазіргі олимпиадалық спорттың тарихы мен теориясы бойынша ақпараттар табу және талдау жасау. <p>Дағды:</p> <ul style="list-style-type: none"> – кәсіби іс-әрекетінде қазіргі олимпиадалық ойындардың тарихы туралы білімдерін, оның ішінде оқушылардың адамгершілік және патриоттық тәрбиесін шешу, дене мәдениеті және спортқа деген қызығушылықтарын арттыруды шешу үшін қолдану; – олимпиадалық спорттың эволюциясының жалпы қағидаларын меңгеру, өйткені оның сауықтыру бағыты дене мәдениеті процесінде жағымды тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру ретінде. <p>Қүзіреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> – олимпиадалық спортты дамыту тенденциялары мен тарихына шолу 	

			Паралимпиадалық ойындар.					жасауға қабілетті; – олимпиадалық спорттың қазіргі концепцияларын оқужаттықтыру процесіне ендіруге қабілетті; – дене мәдениеті және спорт жүйесі туралы білімді тұтастай қабылдауға қабілетті.
5304	Олимпиадалық спорттың тарихы	Пәнде олимпизмді дамыту тенденциялары мен негізгі заңдылықтар, сондай-ақ қазіргі олимпиадалық қозғалыстар мен оның Қазақстан Республикасы мен әлемнің әртүрлі елдерінің дене мәдениеті және спорттың ұлттық жүйесіне тигізетін әсері жайлы мәселелер қарастырылады. Олимпиадалық ойындар мен отандық олимпиадалық қозғалысты ұйымдастыру тарихымен байланысты мәселелер, сұрақтар кеңінен қамтылады. Қазіргі олимпиадалық қозғалыстар, оның субъектісі, қызметтері және халықаралық олимпиадалық комитет жағынан координациялары оқытылады.	Антикалық Олимпиадалық ойындар. Орта ғасыр мен Жаңа кезеңдегі (1896–1936ж.ж.) Олимпиадалық ойындар. 1896-1936 жылдар аралығындағы Олимпиадалық ойындар. 1948 жылдан қазіргі кезге дейінгі Олимпиадалық ойындар. Олимпиадалық қозғалысты ұйымдастыру.	3	3			Білу: – Антикалық Олимпиадалық ойындар тарихының кезеңі және пәні; – Антикалық тарих түсінігі және негізгі категориялары; – Ортағасыр және Жаңа дәуір кезеңіндегі Азия, Еуропаның ойын мәдениетінің тарихи және әлеуметтік ерекшеліктері; Меңгеру: – олимпиадалық спортты дамыту тенденциялары мен тарихына бағдарлану; – олимпиадалық спорт тарихы туралы білімдерін кәсіби іс-әрекетінде, оның ішінде жасөспірімдерге, жастарға, балаларға адамгершілік және патриоттық тәрбие беру мәселелерін шешу үшін қолдана алады; Дағды: – дене мәдениеті және спорт эволюциясының жалпы мынандай сауықтыру бағытындағы қағидаларын, дене тәрбиесі процесіндегі жағымды тұлғалық қасиетін қалыптастыру үшін қолдануды меңгереді. Күзиреттілік: – олимпиадалық спортты дамыту тенденциялары мен тарихына бағдарлануға қабілетті; – Олимпиадалық спорттың қазіргі кездегі концепцияларын оқу-жаттықтыру процесіне ендіруге қабілетті; – дене мәдениеті және спорттың сол

							және басқа жүйелері туралы білімді тұтастай көрсете білуге қабілетті.
	Олимпиадалық спорт түрлеріне спортшыларды іріктеуді ұйымдастыру мен басқару	Аталған пәнде спорттық іріктеудің теориялық негіздері, іріктеу мақсаты мен міндеттері қарастырылады. «Спорттық іріктеу» түсінігінің маңызы ашылады, спорттық іріктеудің әдістері мен құралдары ашылып көрсетіледі. Олимпиадалық спорт түрлеріне спортшыларды іріктеуді ұйымдастыру мен іріктеу әдістерінің әлеуметтік, дәрігерлік-биологиялық және педагогикалық негіздері кеңінен қарастырылады.	Спорттық іріктеудің түсінігі және маңызы. Спорттық іріктеудің міндеттері. Спорттық іріктеудің өлшемі. Спорттық іріктеудің түрлері. Спорттық іріктеудің әдістері. Спорттық іріктеудің педагогикалық әдістері. Спорттық іріктеудің психологиялық әдістері. Спорттық іріктеудің әлеуметтік әдістері. Спорттық іріктеудің дәрігерлік-биологиялық әдістері. Спорттық іріктеуді ұйымдастыру және басқару.				<p>Білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> – көпжылдық спорттық дайындықтың әртүрлі кезеңдеріне спорттық іріктеудің негіздері; – спорттық іріктеудің негізгі әдістері мен өлшемдері; – спорттық болжау негіздері. – спорттық іріктеудің өлшемдеріне қойылатын талаптар. <p>Меңгеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> – жоғары спорттық шеберлік пен спорттық жетілдірудің бастапқы дайындық тобына іріктеуді өткізу; – спорт түрлері бойынша құрама командаларға іріктеу жүргізу; – жоғары ықтималдығы бар спорттық нәтижені болжау; – спорттық іріктеу бойынша қажетті құжаттарды құру. <p>Дағдылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> – көпжылдық спорттық дайындықтың әртүрлі кезеңдерінде нәтижелі спортшыларды анықтау; - спорттық нәтижені болжау әдістерін меңгеру. <p>Қүзіреттіліктер:</p> <ul style="list-style-type: none"> – жоғары спорттық шеберлік пен спорттық жетілдірудің бастапқы дайындық тобына іріктеуді өткізуге қабілетті; - жоғары ықтималдығы бар спорттық нәтижені болжауға қабілетті.
5304	Жоғарғы оқу орнындағы таңдамалы спорт түрлерін оқытудың	Аталған пәнде таңдамалы спорт түрлерін оқыту әдістемесі жайлы сөз болады. Спорт теориясының әдіснамалық негіздері, таңдамалы спорт	«Жоғарғы оқу орнындағы таңдамалы спорт түрлерін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәні	2	3		<p>Білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> – таңдамалы спорт түрлеріне спорттық іріктеу мен спорттық дайындықтың, жарыс іс-әрекеттерінің негізгі заңдылықтары;

	теориясы мен әдістемесі	түрлеріндегі спорттық жаттықтыруды құру көрсетіледі. Спорт теориясының әдіснамалық негіздері ашылады. Кешенді бақылау және есепке алуға байланысты сұрақтар қарастырылады. Сондай-ақ таңдамалы спорт түрлерінің спортшының көпжылдық дайындығы жайлы сұрақтар ерекше орын алады.	жоғарғы оқу орнында ғылыми-және оқу пәні ретінде. Спорт теориясының әдіснамалық негіздері. Таңдамалы спорт түрлеріндегі спорттық жаттықтыру негіздері. Таңдамалы спорт түрлеріндегі спорттық жаттықтыруды құру процесінің негіздері. Таңдамалы спорт түрлеріндегі спортшының дайындығына кешенді бақылау жүргізу және есепке алу. Таңдамалы спорт түрлерінің көпжылдық дайындығына спорттық іріктеу.					<p>– таңдамалы спорт түрлерінде спортшының дене, техника, тактика және психикалық дайындығын ұстау;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлерінде спорттық дайындықты рационалды түрде құру;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлерінде спорттық дайындықты жоспарлау заңдылықтары;</p> <p>Менгеру:</p> <p>– таңдамалы спорт түрлерінде спорттық жаттықтырудың неғұрлым тиімді әдістері мен құралдарын таңдауда өзіндік шешім қабылдау;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлерінің ерекшеліктерін есепке ала отырып, жүктемелерді нормалау;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлерінде спорттық жаттықтырудың тиімділігін анықтау.</p> <p>Дағды:</p> <p>– таңдамалы спорт түрлерінде адал спорттық бәсекелестіктің моралдық қағидаларын тәрбиелеу тәсілдерін;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлерінің техникалық элементтерін, сондай-ақ негізгі және көмекші элементтер тәсілдерін көрсеу және түсіндіру.</p> <p>Қүзіреттілік:</p> <p>– спорт теориясы мен әдістемесі ережесі негізінде білім беру процесін жүзеге асыру;</p> <p>– таңдамалы спорт түрлері бойынша балалар мен жасөспірімдер спорты және бұқаралық разрядтағы спортшылармен жаттықтыру сабағын өткізу, жарақаттануды емдеу шараларын жүзеге асыру.</p>
	Әлем елдерінде ұлттық олимпиада командаларын қалыптастыру	Аталған пәнде спорттық іріктеудің теориялық негіздері, іріктеу мақсаты қарастырылады. Іріктеудің негізгі қағидалары, әдістері мен	Спорттық іріктеудің теориялық негіздері. Іріктеудің қағидалары, әдістері мен құралдары.					<p>Білу:</p> <p>– көпжылдық спорттық дайындықтың әртүрлі кезеңдеріне спорттық іріктеудің негіздері;</p> <p>– спорттық іріктеудің негізгі әдістері мен</p>

		құралдары ашылып көрсетіледі. Олимпиадалық командаларды құруға, іріктеудің дәрігерлік-биологиялық және педагогикалық негіздеріне ерекше көңіл аударылады.	Іріктеудің өлшемдері. Клубтық және құрама командаларға спортшыларды іріктеу және құру. Кандидаттарды іріктеудің алдағы жоспары. Команда құру тәсілдері. Спорттық іріктеудің педагогикалық негіздері. Іріктеудің дәрігерлік-биологиялық негіздері.					өлшемдері; – спорттық болжау негіздері. Меңгеру: – спортшыларды іріктеуді табысты өткізу; – ақпараттық деректерге сай нәтижелі спортшыларды анықтау; – жоғары спорттық шеберлік пен спорттық жетілдірудің бастапқы дайындық тобына іріктеуді өткізу; – спорт түрлері бойынша құрама командаларға іріктеу жүргізу; Дағды: – көпжылдық спорттық дайындықтың әртүрлі кезеңдерінде нәтижелі спортшыларды анықтау; – спорттық нәтижені болжау әдістерін меңгеру. Қүзіреттілік: – жоғары спорттық шеберлік пен спорттық жетілдірудің бастапқы дайындық тобына іріктеуді өткізуге қабілетті; – жоғары ықтималдығы бар спорттық нәтижені болжауға қабілетті.
5305	Жоғары мектептегі спорт метрологиясы	Жоғары мектептегі спорт метрологиясы - дене шынықтыру және спортта өлшеу пәні ретінде. Дене шынықтыру және спортты құрылымдық бақылау және оның нәтижелерін спортшыларды дайындауда қолдану жоғары мектептегі спорттық метрологияның пәні болып табылады. Жоғары мектептегі спорттық метрология жалпы метрологияның бір бөлігі ретінде.	Дене шынықтыру және спортта метрологияның теориялық және техникалық өлшеу негіздері. Спортта техника-тактикалық, психологиялық және дене дайындығын өлшеу әдістері.	3	3	Философия. Математика. Информатика. Математикалық статистика. Спорттық морфология. Биохимия және спорт физиологиясы. Дене жаттығуларының биомеханикасы.	Дене шынықтыру және спорттағы негізгі математикалық статистикалар. Дене мәдениетінің теориясы мен әдістемесі. Зерттеу әдістері.	Білу: – Жоғары мектептегі спорт метрологиясының негізгі ұғымдары; – дене шынықтыру мен спорттық жаттығуларды басқару теориясын; – педагогикалық зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу әдісін; Меңгеру: – дене шынықтыру және спортта сандық және сапалық бағалау нәтижелерін өлшеуді жүргізу; – дене шынықтыру және спортта өлшеу мен тестілеу дағдыларын меңгеру. Дағды: – дене шынықтыру және спортта өлшеу

		<p>Жоғары мектептегі спорт метрологиясы зерттеудің нақтылығы мен бірлігін қамту негізгі міндеті. Өртүрлі жарыстық және жаттырушылық көрсеткіштерін, спортшылардың күй жайын құрымдық бақылау және тіркеу. Бақылау нәтижесі - спорттық дайындық пен дене тәрбиесін басқару үрдісінде алынған нақты және дәлелді ақпараттарды басқаруда қолдану.</p>					<p>әдістері мен бақылауды және метрологияның негізделген құралын білікті қолдана білу; – өртүрлі сабақ үрдісінде спорттық құрылғылар мен арнайы құралдарды, компьютерлік техниканы, аудиовизуалды, оқу және тәжірибелік құралдарды тиімді қолдана білу. Құзыреттілік: – ойлау мәдениетін, алынған ақпаратты қабылдап оны жалпылауға және талдауға, мақсатты белгілеп оған жете білуге; – қозғалыс қабылетін толыққанды қамтамасыз ететін сауықтыру және дамытуға қабілетті.</p>
Дене мәдениеті және спорттағы қазіргі заманғы инновациялық технологиялар	<p>Дене мәдениеті және спорттағы қазіргі заманғы инновациялық технологиялардың түрлері. Ақпараттық-инновациялық жүйе. Ақпараттық-инновациялық технология. Дене шынықтыру және спорттағы ақпараттық-инновациялық жүйенің жіктемесі. Дене шынықтыру және спорттағы компьютерлік диагностика. Адам қозғалысын зерттеу мен моделдеудегі инновациялық технологиялар. «Спорттық жаттығу кезеңіндегі электронды спорт залы» ақпараттық-инновациялық жүйесі.</p>	<p>Спорттық құрылғылар мен жабдықтар. Спортшыларды даярлау жүйесіндегі спорт құрылғылары. Спорттық дайындық жүйесіндегі диагностикалық және басқару аппараттары.</p>			<p>Таңдап алған спорт түрінің негіздері (мамандандыру). Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдістемесі. Дене мәдениеті және спортты басқару. Дене тәрбиесінің тарихы. Спорт физиологиясы.</p>	<p>Дене мәдениетінің теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері. Дене жаттығуларының биомеханикасы. Адам физиологиясы. Дене мәдениеті және спорт педагогикасы.</p>	<p>Білу: – спортшы мен жаттықтырушы арасындағы өзара әрекетіндегі оқу-жаттығудың жана формалары; – дене шынықтыру және спорт саласындағы инновациялық технологиялардың дамуының үрдісі; – дене шынықтыру және спорттағы инновациялық технологиялардың формалары әдістері. Меңгеру: – ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып түрлі ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу, талдау және жеткізу-дің заманау автоматтандырылған әдістерін меңгеру. Дағды: – қолдану деңгейіндегі компьютерлік сауаттылық; – адам жағдайының мониторингі мен комплекстік бағалаудың автоматтандырылған әдісін, психологиялық және функционалдық диагностика әдісін, компьютерленген тренажерлік-</p>

								<p>диагностикалық стендтер, спортшылардың жаттығу үрдісін модел-деу мен жобалау әдісін меңгеру.</p> <p>Қүзіреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> – оқу-тәрбие үрдісін моделдеуге және практикада жүзеге асыруға қабілетті; – сыртқы жағымсыз әсерлерден, гигиеналық талаптарды және еңбекті қорғау ережесін дағдыларын қалыптасытыруға қабілетті.
5207	Бейімделген дене мәдениеті	<p>Аталған пәнде бейімделген дене мәдениетінің іргелі білімін қалыптастыру қарастырылады. Курстың мақсаты магистранттарды бейімдеу дене мәдениетінің міндеттерімен таныстыру болып табылады. Болашақ мамандарды бейімдеу дене мәдениетінің жалпы түсініктерімен, салауатты өмір сүру салтына ұмтылыстарды демеу, дене – күш сапаларын жетілдіру, психофизикалық дайындылық деңгейін көтермелеу, дене жағдайында ауытқушылықтары бар және көру, есту, сөйлеу қабілеттерінен, тірек-қимыл аппараттарынан мүгедек жандар жайлы түсінік беру және оны қалпына келтіру жайлы қарастырылады.</p>	<p>Бейімделген дене мәдениеті жайлы түсінік. Бейімделген дене мәдениеті кіріктірілген ғылым, оқу пәні және әлеуметтік тәжірибе-дегі маңызды сала ретінде Бейімделген дене мәдениеті қызметкерінің жұмыс мазмұны және ерекшеліктері. Бейімделген дене мәдениетінің тарихы. Тірек-қимыл аппаратының ақауы бар адамда дене мәдениетіне бейімдеуді қалыптастыру және оны дамыту. Ақыл-есі ауытқыған адамдарға арналған бейімделген дене мәдениетінің және бейімдеу спортының тарихы. Бейімделген дене мәдениетінің әдістемелік аспектілері. Бейімделген дене мәдениетін</p>	3	3	<p>Өмір тіршілігінің қауіпсіздік негіздері. Жас физиологиясы және мектеп гигиенасы.</p>	<p>Дене мәдениеті теориясы мен әдістемесі. Дене мәдениеті және спорт педагогикасы мен психологиясы. Анатомия және спорттық морфология негіздері. ДМЖС биомеханикасы. Дене мәдениеті және спорт биохимиясы.</p>	<p>Білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бейімделген дене мәдениетіне қойылған әдістерді пайдалану, жіктеу; - бейімделген дене мәдениеті және спорттағы эстетикалық, адамгершілік және рухани құндылықтар; - бейімделген дене мәдениеті бойынша балама бағдарламалардың мазмұны мен құрылысы; - бейімделген дене мәдениетінің қазіргі кездегі жеке әдістемелері және оның маңызы мен тағайындалуы. <p>Меңгеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> – бейімделген дене мәдениетінің әртүрлі жастағы шұғылданушылардың контингентін олардың жасын, жынысын және жеке мүмкіндіктерін, денсаулықтарын, дене дайындық деңгейін есепке ала отырып бейімделген дене мәдениетінің әдістерін қолдану; – бейімделген дене мәдениетінің қазіргі кездегі жеке әдістемелерін қолдану; <p>Дағды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бейімделген дене мәдениетінің әдістерін; - салауатты өмір салты стилін қалыптастыру әдістері мен құралдары; <p>Қүзіреттілік:</p> <ul style="list-style-type: none"> – өзінің болашақ мамандығының

			<p>ұйымдастырудың міндеті, құралы, қағидалары, әдістері мен қызметтері, және формалары. Бейімделген дене мәдениетінде қимыл-қозғалымтарды оқыту. Бейімделген спорт. Бейімделген спорттың мақсаты мен міндеттері, оның жетекші қызметтері және қағидалары. Бейімделген спортпен айналысатын адамдардың жіктелуі. Паралимпиадалық қозғалыс – бейімделген спорттың негізгі бағыты. Спорттық жаттықтыру – паралимпиадалық спорт түрлерінің негізгі бөлімі.</p>				<p>әлеуметтік мәнін түсінуге қабілетті, кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға ынталы;</p> <ul style="list-style-type: none"> – ағзаның бейімделу қорын көтеруге және денсаулығын нығайту үшін дене тәрбиесі мен өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін пайдалануға дайын; – спорттық шаралар мен сабақтардың, дене тәрбиесі сабақтарын, дене тшынықтыру-сауықтыру сабақтары бойынша жоспарлауға, мақсаты мен міндеттерін анықтауға қабілетті.
Ағзаны қалыпқа келтіру үшін жүктеме жаттығуларын оптимизациялау	<p>Пәнде ағзаны қалыпқа келтіру үшін жүктеме жаттығуларын оптимизациялау мәселелері қарастырылады. Дене жүктемесінің қарқындылығы мен формасын білдіретін «Жаттыққандық», «Спорттық форма», «Шаршау», «Дене жұмыс қабілеттілігі», «Қалпына келу» түсінікт еріне анықтама беру. Дене мәдениеті және спорт саласындағы болашақ мамандардың қазіргі іргелі теориялық-әдістемелік дайындық деңгейін қамтамасыз</p>	<p>Жүктеме. Жаттығу және жарыс жүктемелерінің жіктелуі. Дене жүктемесінің қарқындылығы мен көлемі. Дене жүктемесінің қарқындылығының дәрежесі. Жаттыққандық. «Спорттық форма». Шаршау. Дене жұмыс қабілеттілігінің түсінігі. Дене жүктемесінен кейінгі спортшының қалпына келуі. Ағзаның қалпына келуі үшін</p>				<p>Білу:</p> <ul style="list-style-type: none"> – пәннің анықтамасы және негізгі терминдерін; – спорттық форманы ұстау және дамыту заңдылықтары; – таңдамалы спорт түрлеріндегі жаттығу және жарыс жүктемелерінің жіктелуі; – демалыс пен жүктемені кезектестіру қағидалары; <p>Меңгеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Дене жүктемесінің қарқындылық деңгейін анықтау; – спорттық жаттығудың жылдық кезеңіндегі дене жүктемесін жоспарлау; – таңдамалы спорт түрлерінің ерекшелігін 	

		<p>ету мақсатында дене жүктемесін бақылау және жоспарлау сұрақтары қозғалады және демалыс пен жүктемені кезектестіру қағидалары кеңінен қарастырылады.</p>	<p>жаттықтыру жүктеме-сінің мүмкіндігі. Демалыс пен жүктемені кезектестіру қағидалары. Спорттық жаттығудың жылдық кезеңіндегі дене жүктемесін жоспарлау.</p>					<p>ескере отырып, жүктемені шамалау; – таңдамалы спорт түрлеріндегі дене дайындығы тиімділігін анықтау. Дағды: – дене жүктемесін шамалау әдістемесін меңгеру; – дене қасиетін дамытуға бағытталған әдістемені меңгеру; – таңдамалы спорт түрлеріндегі бақылау әдістерін меңгеру. Қүзіреттілік: – жынысын, жасын, шұғылданушылардың дене дайындығы мен дене дамуының ерекшеліктерін есепке ала отырып, дене дайындығы бойынша сабақтар өткізу және бақылау жасау.</p>
--	--	--	--	--	--	--	--	---

Кафедра меңгерушісі, п.ғ.д., профессор

Ильясова А.Н.